



者外秘

**«Toyota-дан армандағы автокөлік» 16-шы шығармашылық конкурсына қатысу ережелері және талаптары**

**Конкурстың тақырыбы**

«Toyota-дан армандағы автокөлік»

**Конкурсқа қатысуға нысаналы үміткерлер**

Қазақстанда және Қырғызстанда тұратын 15 жасқа дейінгі (қоса алғанда) балалар.

**Жас санаттары**

- (1) 1-санат: 7 жасқа дейін (қоса алғанда)
- (2) 2-санат: 8-11 жас
- (3) 3-санат: 12-15 жас

**Қатысу кезеңі**

2022 жылдың 20 желтоқсанынан 2023 жылдың 15 ақпанға дейін

**Қатысу ережелері**

Келесі ережелерге сәйкес келетін түпнұсқа шығармашылық жұмыстар (суреттер) қабылданады:

(1) **Кенеп өлшемі:** 400 мм × 550 мм (15,7–21,7 дюйм) немесе одан кіші

- \* Ұсынылатын пішімі: А3
- \* Сондай-ақ А4 пішімі де рұқсат етіледі
- \* Қағаздың түсі, материалы және пішіні ерікті түрде таңдалуы мүмкін
- \* Қалыңдығы 5 мм-ден асатын шығармашылық жұмыстар жарамсыз деп табылады.

(2) **Сурет салуға арналған материалдар:** кез келген

- \* Сурет салуға арналған кез келген материалдарды – түрлі түсті қарындаштарды, фломастерлерді, борларды, бояуларды қолдануға болады
- \* Компьютерде немесе ұқсас құрылғыда жасалған және ұсынылған пішімде басып шығарылған, «компьютерлік графика» техникасында орындалған жұмыстар да қабылданады
- \* Егер жасалған жұмыс тегіс, ұқыпты және басқа өнер туындыларын (суреттерді) зақымдамайтын немесе бүлдірмейтін болса, коллаждар немесе аппликациялар жасауға рұқсат етіледі

**Мына жұмыстар қабылданбайды:**

- \* Бірнеше қатысушы салған бірлескен шығармашылық жұмыстар
- \* Конкурс қатысушысы болып табылмайтын басқа тұлғаның жасаған жұмыстары.
- \* Өтініш нысаны толық толтырылмаған немесе ақпараты жоқ қатысушы
- \* Фотосуреттерден көшірілген суреттер

\* Белгілі картиналарды немесе «Toyota-дан армандағы автокөлік» конкурсындағы алдыңғы жұмыстарды қайталайтын суреттер

\* Тауарлық белгілермен қорғалған символдарды, логотиптер мен нақты тауарларды қамтитын суреттер

### **(3) Қатысу нысаны**

[www.toyotadreamcar.kz](http://www.toyotadreamcar.kz) сайтынан қатысушы нысанын жүктеп алып, оны толтырыңыз.

Қатысушы нысанының барлық міндетті тармағын толтырыңыз [олай болмаған жағдайда жұмыс (сурет) қабылданбайды].

Толтырылған қатысушы нысаны мен суретті [жақын маңдағы Toyota ресми дилерлік орталығына](#) жіберіңіз.

### **Бірегей шығармашылық жұмыстар**

Қатысу нысанының барлық тармағын толтырып, өз шығармашылық жұмысыңыздың сыртқы жағына мықтап бекітіңіз және суретіңізді [жақын маңдағы Toyota ресми дилерлік орталығына](#) жіберіңіз.

**Бұл конкурсқа қатысуға өтінім беру үшін ата-ананың/қамқоршының келісімі қажет.**

### **Өтінімді (Шығармашылық жұмысты) беру орны**

Шығармашылық жұмыстар мен «Toyota-дан армандағы автокөлік» конкурсына қатысу өтінімдері [Қазақстан мен Қырғызстандағы Toyota ресми дилерлік орталықтарында](#) қабылданады.

### **Төрешілік**

Конкурс екі кезеңнен тұрады: ұлттық және әлемдік.

#### **Ұлттық конкурс**

Бірінші кезең:

2022 жылдың 20 желтоқсанынан бастап 2023 жылдың 15 ақпанға дейінгі аралықта жұмыстар қабылданады.

Екінші кезең:

2023 жылдың ақпан-наурыз айларында жұмыстар бағаланады және нәтижелер жарияланады.

\* Нәтижелер [www.toyotakz.com](http://www.toyotakz.com) және [www.toyotadreamcar.kz](http://www.toyotadreamcar.kz) ресми сайттарында жарияланады.

### **Төрешілік**

Бірінші кезең:

Шақырылған төрешілер дауыс беру арқылы ең үздік 3 жұмысты таңдайды (әр жас санатында 1 жұмыстан).

Екінші кезең:

Әр санатта бірінші орынды иеленген үш жұмыс халықаралық конкурсқа қатысу үшін Жапонияға жіберіледі.

### Халықаралық конкурс

(1) Әр елден және аймақтан халықаралық конкурсқа жіберілген жұмыстардың арасынан жеңімпаздарды қазылар алқасы тандайды.

**Ескертпе. Өткен халықаралық конкурстардың жеңімпаздары сол санат бойынша қайта марапаттала алмайды.**

[«Жеңімпаздар» термині келесі мағынаға ие: Бас жүлде иегерлері, алтын, күміс және қола жүлделерінің иегерлері, Үздік финалист жүлдесінің иегерлері (11 және 12-ші байқаулардағы көтермелеу марапаты) және арнайы жүлделердің иегерлері.]

### **Сыйлықтар**

#### Ұлттық конкурс

Әр жас санаты бойынша 3 жеңімпаз (1-ші орын, 2-ші орын, 3-ші орын) бағалы сыйлықтармен марапатталады.

#### Халықаралық конкурс

Әр номинациядағы бас жүлде иегерлеріне (барлығы үш адам), сондай-ақ барлық номинациядағы арнайы сыйлықтардың иегерлеріне (барлығы екі адам) және олардың мектептеріне қосымша сыйлық ретінде – жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар, сондай-ақ жеңімпаздар мектептеріне бағалы сыйлықтар табысталады.

### **Жеңімпаздарды жариялау**

Конкурстық комиссия конкурста жеңіске жеткендігі туралы жеңімпазға (немесе әр топ үшін жауапты тұлғаға) хабарлайды.

Қазақстандағы және Қырғызстандағы ұлттық конкурстың нәтижелерін 2023 жылғы ақпан-наурыз айында жариялау жоспарланады, ал халықаралық конкурстың нәтижелері Toyota-дан «Армандағы автокөлік» конкурсының ресми сайтында 2023 жылдың жаз-күзінде жарияланады.

(Toyota «Армандағы автокөлік» конкурсының ресми сайтына сілтеме: <https://www.toyota-dreamcarart.com>)

### **Ескертпелер**

- (1) Бұрын жарияланған шығармашылық жұмыстар, басқа байқауларға жіберілген шығармашылық жұмыстар және үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзатын өнер туындылары қабылданбайды.
- (2) Бір тұлғаның бірнеше шығармашылық жұмысты жіберуіне рұқсат етіледі. Дегенмен әрбір тұлғаға бір сыйлық қана табысталатын болады.
- (3) Конкурста жеңіске жеткен шығармашылық жұмыстар қайтарылмайды.
- (4) Сондай-ақ конкурсқа Toyota ресми дилерлік орталықтарының, «Тойота Мотор Қазақстан» компаниясының немесе Toyota Motor Corporation компаниясының еншілес компаниясы қызметкерлерінің отбасы мүшелері де қатыса алады.
- (5) Конкурс аясында жиналған кез келген дербес ақпарат қандай да бір басқа мақсатта пайдаланылмайды.
- (6) Ұсынылған шығармашылық жұмыстарға жариялауды, пайдалануды, бейімдеуді, редакциялауды және түзетуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейтін барлық құқық «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС-не және Toyota Motor корпорациясына тиесілі болады.

- (7) Ұсынылған шығармашылық жұмыстар «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС, Toyota Motor Corporation компанияларының және конкурсқа қолдау көрсеткен және жарнамалық мақсатта Toyota Motor Corporation компаниясының ресми рұқсатын алған серіктес компаниялардың жарнамасында және баспа материалдарында пайдаланылады.
- (8) Жұлдені алу құқығын үшінші тарапқа беруге немесе сатуға болмайды.
- (9) Жеңімпаздар Toyota Motor Corporation компаниясына өздерінің біліктілік талаптарына сәйкес екендігін растайтын өтінімді (декларацияны) және өздерінің жұлделі шығармашылық жұмыстарын басқа шығармашылық конкурстарға ұсынбайтындығы туралы келісімді ұсынуы керек.
- (10) Осы конкурс заңнама шектеулері немесе тыйым салу қолданылатын өңірлерде қолданылмайды.

#### **Мүліктік құқықтарды беру.**

1. **Туындыны пайдалану тәсілдері:** Конкурс өткізілетін уақытта Конкурсқа қатысушы және/немесе Қатысушының заңды өкілі туындыны (бұдан әрі «сурет» деп аталады) Ұйымдастырушының тегін қолдануына рұқсат береді. Конкурсқа қатысу өтінімін жолдай отырып, Конкурсқа Қатысушы және/немесе Қатысушының заңды өкілі Конкурс ұйымдастырушысына суретті конкурс өтетін кезеңде кез келген тәсілмен және кез келген түрде пайдалануға рұқсатын (келісімін) береді, соның ішінде, бірақ онымен шектелместен:
  - суретті жариялау;
  - суретті көрсету;
  - суретті жұртқа таныстыру;
  - суретті эфирге шығару;
  - сурет кабелі бойынша хабарлау.
  - суретті жұртшылық назарына ұсыну.
2. **Мерзімі мен аумағы:** Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ерекше авторлық құқықтардың қолданылу мерзімі ішінде әлемнің барлық елі (әлемнің барлық елінің кез келген аумағы).
3. **Сыйақы:** Қатысушы және/немесе Қатысушының заңды өкілі мүліктік құқықты Ұйымдастырушыға тегін негізде береді.
4. **Ерекше құқықтарды иеліктен айыру:** Конкурс жеңімпазы және/немесе Конкурс жеңімпазының заңды өкілі осымен суреттің айрықша құқығын әрі қарай тегін иеліктен айыруға және жоғарыда аталған құқықтарды Конкурс Ұйымдастырушысына әрі қарай үшінші тұлғаға беру құқығымен табыстауға берген рұқсатын растайды және оған келіседі.

Авторлық құқыққа қатысты үшінші тұлғалар тарапынан наразылықтар туындаған жағдайда қатысушы бұл мәселені «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС-ның қатысуынсыз дербес тәртіппен шешетін болады, сондай-ақ дисквалификацияланады және одан кейін конкурсқа қатыса алмайды.

**Дербес деректерді жинау және өңдеу**

**Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаты (бұдан әрі сондай-ақ «Мақсаттар»):**

- (1) осы конкурсқа қатысуды ұйымдастыру;
- (2) осы конкурстың төрешілігі және төрешілік нәтижелері туралы хабарлама;
- (3) сыйлықты пошта немесе курьер арқылы жіберу;
- (4) бастапқы құжаттаманы сақтау бойынша міндеттіліктерді қоса алғанда, конкурсты өткізумен байланысты ТМҚЗ-ға жүктелетін міндеттіліктерді орындау;
- (5) қолданылатын заңнамаға сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті сұрау салуларының түсуі жағдайында;
- (6) қатысушылардан/олардың заңды өкілдерінен жүгінулерді өңдеу.

**Дербес деректердің тізбесі:** тегі, аты, әкесінің аты, жынысы, жасы, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық поштаның (e-mail) мекенжайы.

*Дербес деректердің көрсетілген көлемі жоғарыда көрсетілген өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болып табылады.*

**Дербес деректермен іс-қимылдар тізбесі** (дербес деректерді өңдеу): ТМҚЗ дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады – Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, пайдалану, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, қолдану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), иеліктен шығару, бұғаттау, алып тастау, жою, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде тарату. ТМҚЗ дербес деректердің автоматтандырылған және автоматтандырылмаған өңдеуін жүзеге асырады.

**Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру** (субъектісі, меншік иесі және (немесе) ТМҚЗ болып табылмайтын, бірақ онымен дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау мән-жайларымен немесе құқықтық қатынастарымен байланысты, соның ішінде шет мемлекеттердің аумағында орналасқан тұлғалар):

- Тойота/Лексус уәкілетті дилерлері және/немесе уәкілетті сервис орталықтары
- "Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан" МҚҰ” ЖШС,
- Тойота Мотор Еуроп НВ/СА (Бельгия),
- Тойота Мотор Корпорейшн (Жапония),
- ТМҚЗ-ға веб-сайтқа қолдау көрсету, мәліметтерге сараптама жасаушы және нарықты зерттейтін жеткізушілер бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер. ТМҚЗ Пайдаланушының келісімінсіз және хабарламасыз дербес деректерді өңдеу үшін тартылған тұлғалардың тізімдерін өзгертуге құқылы.

**Дербес деректерді сақтау мерзімі** – 10 жыл.

**Келісімді қайтарып алу:** қатысушы/заңды өкіл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жазбаша немесе электронды құжат түрінде келісімді қайтарып алуы мүмкін.

Өтінімге қол қою арқылы Конкурсқа Қатысушы/конкурсқа Қатысушының заңды өкілі ТМҚЗ-ға Үшінші тұлғалардың өзінің дербес деректерін әртүрлі байланыс құралдарын пайдалана отырып жинауына, өңдеуіне, беруіне (траншекаралық тасымалдауды қоса алғанда) келісімін және

рұқсатын береді, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: пошталық жіберілімдер, электронды пошта, телефон (ұялы байланысты қоса алғанда), факсимильді байланыс, Интернет және басқа да жалпыға қолжетімді көздер, сондай-ақ дербес деректерін трансшекаралық беруге, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректерін таратуға келісімін береді.

Осымен өтінімге қол қоя отырып, Конкурстық Қатысушы және/немесе Заңды өкіл мыналарды растайды:

- Сауалнама өз қолыммен және/немесе Конкурстық Қатысушының немесе Заңды өкілінің келісімімен толтырылды;
- Конкурс ережелерін оқыдым, түсіндім және келісемін;
- Менің Конкурстық қатысу үшін материалдарды пайдалануға барлық қажетті авторлық және басқа да құқығым бар және осыған байланысты ТМҚЗ-ға ешқандай шағым жіберілмейді;
- Сауалнаманың барлық сұрағы оқылды және түсінікті
- Сауалнамада көрсетілген мәліметтер толық, шындыққа сәйкес келеді.

Кез келген дараландыру құралдарына (тауар белгілері және қызмет көрсету белгілері, коммерциялық белгілер) барлық құқық, атап айтқанда, TOYOTA құқық иесі – Toyota Motor Corporation компаниясында қалады.

ТМҚЗ кез келген уақытта еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, сондай-ақ ТМҚЗ анық тағайындап басқа жағдайларда қатысушыларды тиісті түрде хабардар ете отырып, Конкурсты кез келген кезеңінде тоқтата тұру, мерзімін жылжыту, болдырмау құқығын өзіне қалдырады.

Конкурстық қатысу, жеңіске жету ТМҚЗ-нің, оның үлестес тұлғаларының қатысушылардың, Конкурс жеңімпаздарының және осы ережеде сипатталғандарды қоспағанда, басқа үшінші тұлғалардың алдында ешқандай қаржылық міндеттемелерді БЕРМЕЙДІ.